

Ыбырай атамның бар арманы- қазақ баласына білім беріп, сауатсыздықты жойып, дегеніне өз қарапайымдылығымен өлын жеткізсе, қазіргі жаһандану кезеңінде ана тілінде білім беру үрдісін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауындағы мектептердің жаңадан ашылуының, жаңа технологиялық әдістерді пайдалану ұрпақтың келешекте үш тілді еркін игеруіне мүмкіндік беріп отыр. Бұл ақынның асыл армандарының іске асқаны деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, Жалын 1991.
3. Әбжанов Х., Әлпейсов Ә. «Ы.Алтынсаринды жаңаша оқығанда». /Қазақстан мектебі ж. – Алматы 1992.
4. Бәшірова Ж. Ы.Алтынсарин имандылық туралы. / Бастауыш мектеп. – 2001. – №11.
5. Жадрин М. Ы.Алтынсарин және қазіргі оқулық мәселесі. /Бастауыш мектеп ж. – №11.
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969.
7. Әлімханұлы Д. Бір уыс мақта. – Астана: Таным, 2003. – №5.
8. Құбаева И. Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері. /Қазақ тілі мен әдебиеті. – №7-8.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Молдабекова Бахытжамал Кореновна
Заречный орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі Қостанай қаласы

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы қарастырылып, оның қазіргі білім саласындағы рөлі мен маңызы көрсетілген. Ұстаздың өткен ғасырда пайдаланған әдіс-тәсілдері біздің заманымызда да өзекті болып отырғаны сөзсіз. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Мақсаты: І.Алтынсариннің жас ұрпақпен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұнының сапасын арттыру мақсатында тәрбиегетуралы көзқарасын талдау.

Түйінді сөздер: педагогикалық мұрасы, білім беру, қазіргі білім саласы, қазіргі заман, тәртіп, тәрбие.

Аннотация

Актуальность: В статье рассматривается педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина, показана его роль и значение в современной сфере образования. Несомненно, методы, которыми пользовался учитель в прошлом веке, актуальны и в наше время. Идея сотрудничества, гуманизации, которую сейчас называют новизной, была сформирована уже тогда Ибраем Алтынсариним.

Цель: Анализ взглядов И. Алтынсарина на воспитание в целях повышения качества содержания воспитательной работы с подростками.

Ключевые слова: педагогическое наследие, образование, современное образование, современность, дисциплина, воспитание.

Abstract

Relevance: The article examines the pedagogical heritage of Ibray Altynsarin, shows its role and significance in the modern field of education. Undoubtedly, the methods used by the teacher in the last century are still relevant in our time. The legacy left by pedagogy finds support in the modern field of education. The idea of cooperation, humanization, which is now called novelty, was formed even then by.

Goal: Analysis of I. Altynsarin's views on education in order to improve the quality of the content of educational work with the younger generation.

Keywords: pedagogical heritage, education, modern education, modernity, discipline, education.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді, еңбеккер ұрпақ екені даусыз. Білімсіз елдің ертеңі жоқ екені айдан анық. Қазіргі мектеп бітірушілерге заманның қояр талабы жоғары. Бұл күндері жұмыс берушіге өз ісі маманының білгірі керек. Болашақ маман: біріншіден, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланған, әр түрлі проблемаларды өздігінен шеше алатын алған білімін пайдалана білетіндер. Екіншіден, шығармашылық пен жаңа жағдайда әрекет ете білетін, жаңа технологияны игеруге қабілетті. Үшіншіден, адамдардың әр түрлі топтарымен тиімді қарым-қатынас орната білетін, ұжымда жұмыс істеуге дағдыланған болуы керек.

Атақты ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деген сөзі бәрімізді қатты ойландыру керек [1, 210]. Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп-жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға мен қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұламалар, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбегінде құнды ой-пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігерлердің өнегелік сипаттарын, тәлімдік тәсілдерін тиімді қолдансақ, ғибраттың нағыз кайнар көзінен сусындаймыз.

Ағартушы-жазушы, кемеңгер, ғұлама ұстаз Ы.Алтынсарин еңбектерінде баланы елін, жерін сүйуге, табиғатты аялауға, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа, еңбек етуге тәрбиелеудің ұлт табиғатына лайық небір тамаша әдістері ұсынылады. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесіне зор мән берген.

Оқушыларға, студенттерге білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, Ыбырай бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десе болады. Ыбырай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қылудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл-Ыбырай мұрасы. Ыбырай шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүгізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ.

Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлсапалық қағидаларымен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы.

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын.

Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көп.

Қазіргі таңда, еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Сондықтан, бүгін алда қойған мақсат Ыбырай Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру.

Ұстаз ретінде, Ыбрай Алтынсарин әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан, жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады

және ұзақ уақытты қажет етеді. Бүкіл адамзат қоғамындағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің күдіреті арқылы жүзеге асады.

«Еңбек-байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек» – деп, Ыбырай Алтынсарин ғылыми түрде тұжырымдап көрсеткен [2].

Сол адамзат қоғамы тарихымен тығыз бірлікте жасап келе жатқан жасампаз тәрбие нысаны-еңбек пен кәсіпке үйрету, оның еңбегін үнемді ету. Бастауыш сыныбының қазақ тілі сабақтарында бағдарлама бойынша тақырыптарды оқытқанда қазақ халқының қолданбалы өнерінің тарихы, түрлері жайында мәтіндер құрастырып, орынды пайдаланамын; халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамын; оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әдіс- тәсілдерді қолданамын. Қазақ тілі сабағын үнемі ұлттық педагогикамен ұштастыруды көздеймін.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға, Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал, бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ, тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Еңбекті қадірлеу – оның шығармаларының басты тақырыбы. Өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып, бала тәрбиесіне» үлкен мән беру, жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен бірдей. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды [3].

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы, биік шығармасы – «Бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор, өмірге икемділігін; екіншісінің шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат- мұратыңа жетерсің-дей келіп, осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды.

Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту, өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілдірек болады деген пікір ұсынады. Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, олар жоғарыда айтылғандай, қазіргі заман талабын дәл анықтайды: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру.

Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтеріп қана қоймай, оны шешу жолдарын іздестірді. Тәрбиенің, қазіргі біз пайдаланып жүрген кай саласын да, Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарындығын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек. Бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық

шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған [4].

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданылып жүрген көптеген технологиялар бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп – саралап оқыту, проблемалық (мәселелеп) оқыту, интерактивті, белсенді оқыту т.б. Осы технологиялардың қайсысын алсақ та, негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Техникалық – кәсіптік білім беруде модульдік оқыту технологиясы өте тиімді екені даусыз. Сондай – ақ арнаулы пән сабақтарында В.Ф Шаталовтың технологиясына сай тірек-сызба әдістері тиімді. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында тірек-сызба арқылы, тірек конспектiлердi пайдалану, рөлдік- ойындар арқылы мұғалім оқушының сөйлеу мәдениетін дамытуға, пікір талас тудыруға үйретеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші – білім сапасы. Мұғалімнің негізгі міндеті-оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылады. Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елің, қазағың» терезесі тең көсегелі, көргенді, мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш – қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алма-Ата: Ғылым, 1973. – 350 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 280 б.
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 255 б.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алма-Ата: Санат, 1994. – 420 б.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алма-Ата: Ана тілі, 1991. – 282 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Молдагулова Шолпан Ихсановна
Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының
«Қостанай педагогикалық колледжі»
КМҚК, Қостанай қаласы

Аннотация

Өзектілігі: Бұл мақалада жастарға рухани адамгершілік тәрбие берудегі өз халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармаларының жас ұрпаққа берер ғибраты мол, асыл мұра екендігі жайлы сөз болады. Оның шығармалары арқылы жастарды жақсылыққа, биік адамгершілік қасиетке тәрбиелеу. Мақсаты: Баланың адамгершілігінің дамуы мен оның рухани-адамгершілік әлеміндегі өзгерістерді зерттеу.

Түйінді сөздер: Ы. Атынсарин шығармалары, рухани-адамгершілік құндылық, ұлттық тәрбие, келешек ұрпақ.

Аннотация

Актуальность: В данной статье речь пойдет о том, что произведения великого просветителя И. Алтынсарина, который трудился на благо своего народа в духовно-нравственном воспитании молодежи – это великое, благородное наследие, подрастающему молодому поколению.